

№ 1 «31»08 .2023 жыл
Педкенесте қаралды

Бекітемін: Иск С.А.Искакова
Басқұдық ЖОББМ директоры м.у.а



Келісемін: А.Т.Саметеев
Аудандық білім бөлімінің
басшысы м.у.а



Тақырыбы:

«Көркем жазу»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы : 2

Орындады : Т.З.Абдешова

Бастауыш сынып мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: Т.З.Абдешова

№ 1 хаттама 28 күні 08 айы 2023ж

Тексерілді: Иск С.А.Искакова

Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

«Көркем жазу» курсы бойынша 2 сыныптарға арналған. Көркем жазу оқулығы авторлар Бұзаубақова К.Ж. Изтилеуова А. Б. Жағынан құрастырылған. Оқу құралы оқушылар бойында төмендегідей білім, білік, дағдыларды қалыптастырады:

2 сынып оқушыларына арналған «Көркем жазу» курсы 34 сағатқа есептелген. Әрбір сабақ 2 бөлімнен тұрады: 1 бөлім – теориялық тұрғыдан түсіндірілсе, 2 – бөлімде оқушыларға тапсырмаларды әдемі, көркем етіп жазуға ұсынылады. Сабақтың 1-бөлімі оқушының қызығушылығын ояту, сыныпта жағымды атмосфераны орнату, психогимнастикалық серпіліс жасау жаттығуларынан басталады. Тақырып бойынша әріп элементін жазу ережесімен таныстырылады, әріптің көлемі біркелкі болуы, кіші әріптің биіктігі – 3 мм, бас әріптің биіктігі 7 мм өлшемдерді сақтап жазу қажеттігі ескертіледі. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, сергіту жаттығулары орындалады.

Сабақтың 2-бөлімі жазу дәптерімен жұмыс жасауға арналған 5 тапсырмадан тұрады, оның:

Бірінші тапсырмасы – көшіріп жазу әдісі бойынша дайын әріп элементтерін таза, әдемі етіп жазуға негізделген. Бұл тапсырманы оқушы мұғалімнің көмегімен орындайды.

Екінші тапсырма – оқушылардың сөздер арасындағы ара қашықтықты сақтап, байланыстыра жазуға, сонымен бірге оқушылардың логикалық ойлауын қозғап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген. Тапсырманы орындауда оқушы сызықтық әдіс, теріп жазу әдісі, сөйлемді аяқтау әдісін қолданады, түрлі сөзжұмбақтар мен суретті жұмбақтардың шешімін тауып жазады.

Үшінші тапсырманы орындау – оқушының өздігінше жұмыс жасауын, берілген мәтінді таза, әдемі етіп көшіріп жазу, мәтінді өзіндік пікірмен аяқтап жазуды талап етеді. Тапсырма ізденіс арқылы оқушының пікірін жинақтауына бейімделген.

Төртінші тапсырма – түрлі әдістерге негізделген, мысалы: өлеңді жатқа жазу, тест тапсырмаларын шешу, дұрыс жауаптарын бояу, «Топтастыру» ойыны, мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын ашып жазу, «Лездемеге жауап жаз» ойыны, «Сөз ішінде сөз» ойыны, «Адасқан буындар» ойыны, жүргізіп жазу техникасын қолдану және т.б. Мұғалім осындай әдістерді қолдану арқылы оқушыларда ой қозғап, білімдерін бекітеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім семантикалық карта арқылы оқушылармен жазба түрде рефлексиялық байланыс жасайды.

Бесінші тапсырма – үйде орындауға негізделген, мұнда тақырып бойынша берілген әріптерге сөз, сөйлем құрастырып жазу, өлең жолдарын көшіріп, тиісті әріптерді теріп жазу секілді жаттығуларды орындайды.

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

Таңдау курсының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Оқушының әсемдік сезімін оята отырып, мінез-құлқын тәрбиелеп, ұқыптылық пен тазалыққа, жауапкершілікке баулиды.

Міндеттері:

Білімі мен білігі бойынша:

- «Көркем жазудың» бастапқы негіздерімен танысу;
- Графикалық белгілерді есте сақтау;
- Жазу тәртібін меңгеру;
- Жазу нормативтеріне бағыну;
- Қатесіз және жатқа жазу;
- Уақытты дұрыс үнемдей білу.

Дағдылары бойынша:

- Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табу;
- Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтау;
- Сөздер арасындағы қашықтықты сақтау;
- Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптердің байланыстырып жазу;
- Жазу жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу және жай сөздерді жатқа жазу.

Таңдау курсының меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Оушы білуі керек:

1. Әріптердің негізгі элементтерінің және сөз ішіндегі әріптердің бір-бірінен қашықтығы біркелкі болуы;
2. Әріптердің биіктігі біркелкі болып шығуы;
3. Әріптердің негізгі элементтерінің біркелкі келбетпен жазылуы;
4. Сопақша және жарты сопақша құрсау түріндегі әріп элементтерінің, сондай-ақ қисық, түзу сызықтан құралатын әріп элементтерінің бір-бірімен кілт жалғастырылмай, бірте-бірте созылыңқырап барып, жіңішкеріп жалғастырылуы;
5. Әріптердің кескіні қабылданған үлгіге сәйкес дұрыс жазылуы;
6. Сөздерді жазғанда әріптердің дұрыс жалғастырылуы.

Оқушы көркем жазу таңдау курсына әсемдікті сезінумен бірге, өз бетінше ізденуге, салыстыруға, еркін пікірлеуге үйренеді.

Оқу курсының тақырып мазмұны

I. Жазудың негізгі алгоритмімен танысу

Курс жоспары 33 сағатқа түзілген.

Кіріспе бөлімі 9 сағатқа құрылған. Бұл бөлімде оқушылар жазу жолының негізгі құрылымдарымен танысады. Жазу жолындағы арақашықтықтың сақталуы мен сызықтардың көлбеу түсу сырларын түсінуге мүмкіндік береді.

II. Қосымша жолдардың жұмыс кеңістігімен танысу

Бөлім 7 сағатқа құрылған. Әріптердің негізгі элементтерінің және сөз ішіндегі әріптердің бір-бірінен қашықтығы біркелкі болу дағдыларын игеруі тиіс.

- графикалық белгілерді есте сақтау;
- жазу тәртібін меңгеру;
- жазу нормативтеріне бағыну;
- қатесіз және жатқа жазу;
- уақытты дұрыс үнемдей білу.

III. Әріптердің жазылу элементтерімен танысу

Бұл «Көркем жазу» таңдау курсының бағдарламасының негізгі мазмұны оқушының өз бетімен оқуына, ізденуіне және көркем мәдениетінің қалыптасуы болып табылады. Осы бөлімде оқушының білім, білік дағдылары біртіндеп өсуіне қарай құрылады. Бөлім 10 сағатқа жоспарланған.

IV. Әріп элементтерін жазу

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

Бұл бөлім 8 сағатқа құрылған.

Пәнаралық байланыс:

- Салауаттану
- Ана тілі
- Бейнелеу өнері
- Дене шынықтыру
- Музыка
- Сызу

Курстың тәжірибелік бөлімі

Курс барысында оқушылардың икем, дағдылары төмендегі іс-әрекеттер бойынша бекіп отырады.

- Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табады.
- Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтайды.
- Сөздер арасындағы қашықтықты меңгереді.
- Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптерді байланыстырып жазады.
- Жазудың жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу, жай сөздерді жатқа жазуды есте сақтайды.
- Тақырып бойынша суретпен сөйлем құрайды.
- Ребустар мен сөзжұмбақтар үшін материалдар жинақтайды.
- Қысқа мәтінде диктанттар жазады.

Оқушының білім деңгейін бақылау

Оқушылардың білім, білік дағдысын тексеру оқу үрдісінің негізгі кезеңі болып табылады. Олар оқыту, тексеру, тәрбиелеу және түзету функциясын атқарады.

Білім деңгейін тексеру үшін:

- әрбір бөлімнің соңында қорытынды тексеру жүргізу;
- тексеру формасы мына түрде: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, іздену, шығармашылыққа берілген тапсырмалар арқылы болады.
- тексеру әдістері мен формаларын оқушылардың жас ерекшелігімен анықтау;
- әр бөлімнен кейін оқушы мұғалімге жинаған, зерделеген материалдарын тексерту;
- білім, дағдыларын бақылау диктанттары арқылы қорғау.

Пәнді оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету

Практикалық:

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Тақырып мазмұнына қарай жинақтау, іздену.
2. Шығармашылық жаттығулар құрастыру.

Әдістемелік:

- осы тақырыптар бойынша не білемін?
- тағы не білуім керек?
- қайдан білуге болады?

Анықтамалық:

- адамдардан сұрау;
- кітаптардан қарау;
- өз пікірмен жұмыс жүргізу;
- материалды жинау және қолдану.

Көрнекілік:

- суреттер;
- альбомдар;
- ребустар;
- бүктемелер;
- сөзжұмбақтар.

Оқушыларға қосымша берілетін тапсырмалар

Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар

Оқушыларды шығармашылық жұмысына баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, іздену.

2. Жоспар бойынша:

- осы тақырып бойынша не білемін?
- тағы не білуім керек?
- қайдан білуге болады?

Жауаптары:

- Мұғалімнен, ата-анадан сұрау;
- кітаптардан қарау;
- материалды жинау және талдау.

Хабарлама:

- өз бетімен іздену;
- дайындық көру;
- зерттеу жүргізу;
- хабарлау;
- ұжымдық ізденістер.

2 сынып
Күнтізбелік жоспар

р/с	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
I тоқсан			
1	«Көркем жазу» курсы ментанысу	1	07.09
2	А а әрпінің емлесі	1	14.09
3	Жазу үлгісіндегі өрнектерді орындау. Ө ө әріптерінің элементтерін жазу.	1	21.09
4	Жазу үлгісінің сызықтары ментанысу. Б б әрпін жазу	1	28.09
5	В в әріптерінің элементтерін жазу.	1	05.10
6	Жазудың негізгі алгоритмімен танысу. Г г әрпін жазу	1	12.10
7	Ғ ғ әріпінің элементтерін жазу.	1	19.10
8	Жазудың негізгі алгоритм элементтерін жазу. Д д әрпін жазу	1	26.10
9	Е е әріпінің элементтерін жазу.	1	08.11
II тоқсан			
10	Қосымша жолдардың жұмыс кеңістігімен танысу. Жж,	1	15.11
11	З з әріпінің элементтерін жазу.	1	22.11
12	И и, Г г әріптерінің жазылуы	1	29.11
13	П п, Т т әріптерінің элементтерін жазу.	1	07.12
14	Л л әрпін жазу	1	14.12
15	М м әріпінің элементтерін жазу.	1	21.12
16	Н н, К к, әріптерінің элементтерін жазу	1	28.12
III тоқсан			
17	Ә ә әріпінің элементтерін жазу.	1	11.01
18	О о, Ө ө әріптерінің элементтерін жазу	1	18.01
19	Қ қ, ң әріпінің элементтерін жазу.	1	25.01
20	У у әрпін жазу	1	01.02
21-22	Ү ү, Ү ү әріптерінің элементтерін жазу.	1	08.02
23	Р р әрпін жазу	1	15.02
24	Ф ф әріпінің элементтерін жазу.	1	22.02

24	Х х әрпін жазу	1	29.02
25	Һ әрпінің элементтерін жазу.	1	07.03
26	Жазудың негізгі алгоритмі элементтерін жазу. Цц әрпін жазу	1	14.03
IV тоқсан			
27	Ч ч әрпінің элементтерін жазу	1	04.04
28	Әріп элементтерін жазу. Ш ш	1	11.04
29	Щ щ әрпінің элементтерін жазу.	1	18.04
30	Ыы әрпін жазу	1	25.04
31	І і әріптерінің элементтерін жазу.	1	02.05
32	Юю әрпін жазу	1	10.05
34	Я я әрпінің элементтерін жазу.	1	16.05
34	Қайталау. Тест	1	23.05
Барлығы 34 сағат			

Қолданылған әдебиеттер

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2003 ж.
2. Ү.Ж. Төлепова. Каллиграфия мәнерлері. Әдістемелік нұсқау. – Ақтөбе, 2003 ж.
3. Б.А. Тұрғынбаева. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2020 ж.
4. Б.А. Тұрғынбаева, Б.Ш. Шәбденов. Шығармашылық баспалдақтар. – Алматы, 2016 жыл.
5. Ана тілі 1 кл. – Алматы, 2021ж.
6. Қазақ тілі 2 кл. – Алматы, 2022 ж.
7. Журналдар тізбегі:
 - Бастауыш мектеп. 2018-2022ж
 - Бастауыш білім. 2017 – 2020ж
 - Бастауыш сыныпта оқыту. 2016-2020ж
 - Бастауыш сынып. 2015-2019ж
 - Бастауыш сынып әдістемесі. 2018-2022ж
8. Қазақ энциклопедиясы.
9. Қазақ тілі оқулығының дидактикалық материалдары
10. Ғаламтор.

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

1. Алақай журналы. Хрестоматия, 2019-2021 жыл
2. Жыл он екі ай журналы. 2017-2019ж
3. Балдырған журналы. 2018-2020ж
4. Айгөлек журналы. 2020-2022 жыл
5. Бала би журналы. 2018-2020жыл.
6. Жазу дәптері - Алматы, №1,2,3 үлгілері
7. Әліппе оқулығы
8. Ертегі кітаптар.
9. Мәлдір бұлақ журналы. 2018-2020ж
10. Мектеп алды дайындық сыныптарына арналған «Балапан» оқу құралдары.